

Қазақстан Республикасының шет елдердегі елшіліктерінің, бас консулдықтарының және тұрақты өкілдіктерінің қаржы-шаруашылық қызметіне тексеру жүргізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1998 жылғы 12 қаңтардағы N 11

Қазақстан Республикасының шет елдердегі елшіліктерінің, бас консулдықтарының және тұрақты өкілдіктерінің қаржы-шаруашылық қызметіне бақылау жасауды, сондай-ақ бөлінген қаражаттардың нысаналы пайдалануын қамтамасыз ету мақсатында :

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржы-бақылау комитеті Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің және Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің қатысуымен 1998-99 жылдары республикалық бюджет қаражаттары есебінен қаржыландырылатын республиканың елшіліктеріндегі, бас консулдықтарындағы және тұрақты өкілдіктеріндегі тексеру жұмыстарын жүргізуді жалғастырсын . < * >

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.03.30. N 39 өкімімен .

2. 1998-99 жылдары республиканың елшіліктерінде, бас консулдықтарында және тұрақты өкілдіктерінде қаржы-шаруашылық тексеру жұмыстарын жүргізу кестесі бекітілсін (қоса беріліп отыр).

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі тексеру комиссиясының мүшелеріне шетелге шығатын іссапарлар үшін, жолда жүру уақытын қоса есептей отырып, валюталық қаражаттарды 20 күндік есепте бөлуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі аталған мәселелер бойынша шетелге іс сапармен шығатын тексеру комиссиясының мүшелеріне қызметтік төлқұжаттар мен визаларды ресімдеуді қамтамасыз етсін.

Премьер-Министр

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң
1 9 9 8 ж ы л ғ ы 1 2 қ а ң т а р д а ғ ы
N 1 1 - ө ө к і м і м е н
бекітілген

Қазақстан Республикасының елшіліктерінде, бас консулдықтарында және тұрақты өкілдіктерінде тексеру жүргізу

КЕСТЕСІ

N	Объектінің атауы	Тексеру жүргізу мерзімі
---	------------------	-------------------------

1998 ЖЫЛ

1.	Израиль (елшілік)	қаңтар
2.	Малайзия (елшілік)	қаңтар
3.	Сауд Аравиясы (елшілік)	ақпан
4.	Түркменстан (елшілік)	наурыз
5.	Жапония (елшілік)	мамыр
6.	Иран (елшілік, бас ОЭС жанындағы өкілдік)	консулдық, маусым
7.	Венгрия (елшілік)	маусым
8.	Ресей (елшілік)	шілде
9.	АҚШ (елшілік, БҰҰ тұрақты өкілдік)	жанындағы тамыз
10.	Қытай (елшілік)	қыркүйек
11.	Түркия (елшілік)	қыркүйек
12.	Өзбекстан (елшілік)	қазан
13.	Германия (елшілік, бас консулдық)	қараша
14.	Пәкістан (елшілік)	желтоқсан

1999 ЖЫЛ

1.	Украина	қаңтар
2.	Қырғызстан	ақпан
3.	Әзірбайжан	наурыз
4.	Корей Республикасы	наурыз
5.	Ұлыбритания	маусым
6.	Литва	маусым
7.	Италия	шілде
8.	Швейцария	тамыз
9.	Австрия	тамыз
10.	Бельгия	қыркүйек
11.	Франция	қыркүйек
12.	Беларусь	қазан
13.	Египет	қараша
14.	Үндістан	желтоқсан